

Туристік-өлкетану сайысы

Республика күніне орай аудандық жас туристер станциясының ұйымдастыруымен «Аспан астындағы музей қала» атты экскурсиялық бағдарлау жарысы өтті. Оған ауданымыздың алты мектебінен құралған тоғыз команда сапында 40-қа жуық оқушы қатысты.



Жарыстың басты мақсаты – жасөспірімдерге туған өлкеміздің тарихи-мәдени ескерткіштерін таныстыру арқылы қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, олардың танымдық қасиетін арттыру, саламатты өмір салтын насихаттау және оқушылардың туристік-өлкетану

бағыты бойынша білім-білігін дамыту. Бағдарлама аясында оқушылар екі бағыт бойынша сайысқа түсті. Біріншісі – «Экскурсиялық бағдарлау» жарысы. Мұнда қатысушылар тарихи-мәдени нысандар белгіленген маршрут бойынша жүгіріп өтіп, әр бақылау нүктесінде өлкетанулық тест

сұрақтарына жауап берді. Әр команда құрамында үш оқушы болды. Қатысушыларға 20 нысан бойынша бақылау пункті ұсынылды. Байқау шартына орай командалар бақылау бекеттерін ретімен тауып, ондағы сұрақтарға дұрыс әрі толық жауап беруге тиіс. Уақыт көрсеткіші де шешуші рөл атқарды. Бекеттерді дұрыс реттілікпен өтпеген жағдайда команданың ұпайы есепке алынбады.

Екінші бағыты «Бір ескерткіш – бір оқиға» деп аталды. Онда оқушылар өз аймақтарындағы тарихи орын немесе ескерткіш туралы қысқа (3-5 минуттық) подкаст форматында бейнематериал ұсынды. Подкастта ескерткіштің тарихы, қызықты деректері, аңыздар мен естеліктер қамтылды.

Жарыс қорытындысы бойынша бас жүлде Қ. Аманжолов атындағы орта мектепке берілді. Қалған жүлделі орындарды Переметный мен Есенберлин атындағы мектептер иеленді.

Бұл жарыс жас буынды тарихи-мәдени мұраларға құрметпен қарауға, елін, жерін сүйге тәрбиелеумен қатар, саламатты өмір салтын ұстануға бағытталған маңызды іс-шара болды. Соңында жеңімпаз командалар дипломдармен, алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Осындай іс-шаралар арқылы жас ұрпақ өз өлкесін тереңірек танып, болашаққа ұлттық рухпен қадам басары сөзсіз.

Ақгүл АБДРАХМАНОВА



Менің ғылыми жобам

Переметный темір жол бекеті – тек көлік қатынасы емес, ауыл өмірінің дамуында маңызды орын алған нысан. Осыны дәлелдеу мақсатында ғылыми жобама арқау етіп алып, оның тарихын, қалыптасу кезеңдерін зерттеп көрдім.

Переметный ауылындағы темір жол желісі осыдан бірнеше ғасыр бұрын, яғни 1894 жылдары салынған. Ұзындығы 369 шақырым болатын Покровская слобода – Орал темір жол желісі тартылған. Қазақстан жеріндегі тұңғыш темір жол магистралі 1894 жылдың 25 қазанында Покров слободасы (бүгінде РФ, Саратов облысындағы Энгельс қ.) – Орал тар табанды темір жол телімінің құрылысы аяқталғаннан кейін ашылған. Ал сол кездегі Зеленов ауданы, Переметный ауылына 1893 жылы тартылған.

Қазіргі уақытта бұл жерден Саратов – Алматы, Орал – Семиглавмар бағытында және Орал – Қазақстан, Орал – Озинки және Орал – Желаев қала маңы пойыздары жүреді.

Зерттеу барысында бекеттің



өткен ғасырдағы қалыптасу кезеңдері, ауыл экономикасына әсері, халықпен байланысы туралы материалдар жинақталды. Сонымен қатар теміржолшы ардагерлерден сұхбат алынды. Мысалы, зейнеткер темір жол қызметкерлері Клавдия Красикова, атам Шайхолла Хайрушевтан сұхбат алдым. Сондай-ақ аудандық архив, кітапханадағы құжаттар мен фотосуреттер пайдаланылды. «Ауыл тынысы»

газетінің редакциясынан да мәліметтер алдым.

Жобам өлкетану бағыты бойынша жасалды. Бұл жұмыс мені туған жер тарихына терең үңілуге, темір жолдың ел өміріндегі маңызын түсінуге жетеледі.

Бек ШАЙХОЛЛА,
Қ. Аманжолов атындағы орта мектептің
5-сынып оқушысы

ХАБАРЛАМА

«Жайық ПГС» ЖШС қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінімнің шеңберінде мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған жобалау материалдарын қарау бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы мен Теректі ауданындағы «Нижне-Янайкинское, 1 және 2 учаскесі» құм кен орны «Жайық ПГС» ЖШС көздерінен атмосфераға ластаушы заттардың НБШ жобасын түзету.

Күні мен уақыты: 2025 жылдың 25 қарашасы, сағат 11:00 Қоғамдық тыңдау мына мекенжайда өтеді: Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылдық округі, Янайкино ауылы, М.Мәметова көшесі, 2 ғимарат, әкімдік ғимараты, мәжіліс залы.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Жайык ПГС» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по рассмотрению проектных материалов, представленных на государственную экологическую экспертизу в составе Заявления для получения экологического разрешения на воздействие по

Корректировки проекта НДВ загрязняющих веществ в атмосферу от источников ТОО «Жайык ПГС» месторождение песка «Нижне-Янайкинское, участок 1 и 2» в районе Байтерек и Теректинском районе Западно-Казахстанской области Республики Казахстан.

Дата и время проведения: 25 ноября 2025 года в 11:00ч. Общественные слушания будут проводиться по адресу: район Байтерек, Янайкинский с/о с.Янайкино ул. М.Маметовой, дом 2, здание акимата, конференц зал.

Меншік иесі:
“Жайық Пресс” ЖШС
Бас директор
Дархан ОРАЗОВ
“Жайық Пресс” ЖШС Бәйтерек аудандық
“Ауыл тынысы”
қоғамдық-саяси газетінің
директор-редакторы
Сәкен ӘБІЛХАЛЫҚОВ

Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылы 19 қаңтарда тіркеліп, №12262-Г куәлігі берілген.
Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 090600, Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Переметный ауылы, Гагарин көшесі, 83
Телефондар: редактор: 22-3-74, есеп бөлімі: 23-4-12.
Біздің электронды поштамыз E-mail: auylytnysy@mail.ru

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет “Жайық Пресс” медиахолдингіде компьютерлік әдіспен теріліп, беттелді.
“Полиграфсервис” ЖШС баспаханасында басылды.
Орал қаласы, Л. Толстой көшесі, 27/6.
Газет аптасына 1 рет шығады.
Көлемі 2 баспа табақ. Тапсырыс: 43
Таралымы 2192 дана.
Кезекші редактор А. ЛИТВИНЧУК